

Табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) бекітудің мерзімдері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 13 қаңтардағы N 04-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 21 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2132. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2006 жылғы 1 ақпандағы N 23-НҚ бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2006 жылғы 1 ақпандағы N 23-НҚ бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 14 қаңтардағы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1109 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 18-тармағының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерін (бағаларын, алымдар ставкаларын) бекітудің мерзімдері туралы" Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 13 қаңтардағы N 04-НҚ бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркелімінде N 2132 нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде 2003 жылғы N 13, 826-құжат жарияланған) күші жойылды деп танылсын...

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Т ө р а ғ а

Қазақстан Республикасының "Табиғи монополиялар туралы" Заңы 16-бабының 2-тармағына және 18-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылдың 15 қарашасындағы N 1713 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі туралы ережесінің 11 тармағының 1) және 4)

тармақшаларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарлар мен жұмыстарына) арналған тарифтерді (бағалар, алымдар ставкалары) бекіту мерзімдері белгіленсін:

- 1) жылдың 1 сәуірі;
- 2) жылдың 1 қазаны.

2. Әкімшілік жұмысы департаменті (Шабдарбаев А.Т.) табиғи монополия субъектілеріне, Қазақстан Республикасының табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері мен оның аумақтық органдарына осы бұйрықты назаарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелуін Заңнама және тұрғын үй-коммуналдық қатынастарды реттеу департаменті (Жолдыбаева Ғ.Т.) қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Б.А. Сағынтаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Төраға